



Автор: БАХТЫБАЕВА МАЙРА ЖАРАСОВНА

Пән: Математика

Сынып: 1-сынып

Бөлім: Уақыт түсінігін зерттеу


Тақырып: Апта күндері

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	1.1.3.1 шамаларды ажырату, уақыт, оларды өлшеуге қажетті әдістерді, құралдарды таңдау, өлшеу 1.1.3.2 өлшем бірліктерді қолдану арқылы шаманы өлшеу, апта
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар үшін: уақытты бағдарлайды және уақыт терминдерін түсінеді Бірқатар оқушылар үшін: Уақыт бірлігін ажыратады. Қалай не үшін қолданылатынын талдайды
Тілдік мақсаттар:	апта, дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі, жексенбі
Күтілетін нәтиже:	тәулік, апта күндері, айтауларын ажырата алады
Бағалау критерийлері:	-апта 7 тәліктен тұратын уақыт аралығы екенін біледі -апта күндерінің ретін біледі
Құндылықтарды дарыту:	оқушыларда бір-біріне құрмет көрсету қасиетін тәрбиелеу
АКТ-ны қолдану дағдылары:	интерактивті тақта
Пәнаралық байланыс:	жаратылыстану
Бастапқы білім:	тәулік, апта, ай аттары

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (I. Ұйымдастыру кезеңі. II. Психологиялық ахуал. 0-2 минут)	(Оқушылар шеңбер құрып, бір-біріне жылы лебіздерін білдіреді.) Бүгінгі сабаққа бір-біріне жүрекше бере отырып тілек білдіреді.	жүрекше арқылы

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (Жаңа тақырыпты ашу 3-28 минут)	Өткен сабақты қайталау. -Уақыт өлшем бірлігі туралы не білеміз? Есімізге түсірейік -Минут -Сағат -Ай -Апта -апта туралы не білеміз? Апта күндерінің атауын кім біледі? Бүгінгі сабағымыздың тақырыбы мен мақсатымен таныстыру Ширату: Оқушыларды ортаға шақырып ойын өткізу. Оқушыларды ортаға шығарып, үлкен бір шеңберге тұрғызу. Оқушыларға апта күндерінің атаулары жазылған парақшаларды таратып беремін. Осы жеті күнді бір сөзбен апта деп атайтынын айтыңыз. Әр күннің өз атауы бар. Өз топтарында оқушылардың ретімен тұруын сұраңыз: дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі, жексенбі. Апта күндерінің атауын ретімен бірнеше рет қайталап, әр айтқан сайын алдыңғысынан тезірек айтуын сұраймын. Апта күндерінің атауын және ретін есте сақтағаннан кейін бір апта келесі аптаны ауыстыратындай етіп, келесі тізбек құруын сұраймын. Апта күндерінің атауы бойынша жеті оқушыны- тұрғызғаннан кейін сұрақ қойылады: “Жексенбіден кейін қай күн келеді?” . Содан кейін келесі аптаны тұрғызыңыз. Осылайша, барлық топпен жұмыс жасалынады. Шын өмірде уақыттың бір орында тұрмай, үнемі қозғалыста болатынын, тәуліктен кейін тәулік келетінін, олардың апта құрайтынын, аптадан кейін апта келетінін слайд арқылы түсініктерін бекітемін 5e75e9ba0c41c.png Image not found or type unknown Оқулықпен жұмыс 1.Отбасылық демалыс. Бұл тапсырманы жұппен орындауды ұсынамын. Оқушылар тапсырманы талдау және орындау барысында 1 аптада 7 күн бар деген қорытынды жасайды. Жауабы:14 күн. 2.Орындап көр. Тапсырмада оқушылар дүкенге бару кестесін құрады. Шарты: дүкенге күнара бару керек. Жұмысты 4 оқушыдан тұратын топпен ұйымдастырылады. Оқушылар еш қиындықсыз кесте құра алады. Бірақ тапсырманы орындау барысында апта күндерінің саны тақ екенін түсінуі, сондықтан бір аптаның кестесі келесі аптаға сәйкес келмейді деген тұжырымға келуі тиіс. Егер сынып дайын болса, онда оларға 3-4 аптаға дейін жалғастыруды ұсынамын. 3.Ертегілер оқу. Берілген тапсырманы оқушыларға өз бетінше орындауға ұсыныңыз. Оқушылар 1 аптада 7 күн бар деген тұжырым бойынша есептеу дағдысын бекітеді. 4. Ойлан. Бұл тапсырманы оқушыларға өз бетінше орындату Бұл апта күндерінің ретін, атауын еске сақтауға және 1 апта ішіндегі уақытты тәулікпен санау дағдысын бекітеді. Жауабы: жексенбі Дәптермен жұмыс. 1.Мозаика құрастыр. Бұл тапсырма қалыптастырушы бағалау мен жаңа сабақ тақырыбын меңгеру деңгейін анықтауға арналған. Оқушылар пазлдарда апта күндерінің атауын жазып, күндердің ретін жалғастыру керек: жексенбіден кейін — бір бағытта; дүйсенбіге дейін — басқа бағытта. 2. Қай күні көркем еңбек сабағы болады? Оқушылар кестеге өздері апта ішінде қатысатын пән аттарын жазып толтырады. Оқушының аты-жөні: _____ 5e75eb906e1c7.png Image not found or type unknown 5e75eba3938e1.png Image not found or type unknown 5e75ebb52e6ce.png Image not found or type unknown 5e75ebbe8de4e.png	1 апта күндері жазылған парақша лар

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың соңы (29-32 минут)	Ойын: «Сұрақты ұстап ал» Оқушылардың жаңа тақырыпты меңгеру деңгейін тексеру үшін сұрақтар қойылады 1. Сұрақ – жауап әдістері арқылы төмендегі сұрақтарға жауап алынады.(Оқушылар өз ойларын айтады) -Сендерге өз жұмыс апталарың жайлы тапсырма құрастыру оңай болды ма? -Сабақта өмірге пайдалы не үйрендіңдер? — бір аптада неше күн бар? — Бүгін аптаның қай күні? — Сендер аптаның қай күнінде сабаққа келесің- дер? — Сейсенбі аптаның нешінші күні? — Дүйсенбіден кейін қай күн келеді? — Жексенбінің алдында қай күн? — Арғы күн қай күн болады? — Сендер қалай ойлайсыңдар, қандай іс-әрекеттердің ұзақтығын тәулікпен емес, аптамен өлшеуге болады? Неге? Жұмыс дәптеріндегі “Жетістік баспалдағы” бойынша өзін-өзі бағалатыңыз. Қалыптастырушы бағалау . Оқушылар сабақ соңында: -апта 7 тәуліктен тұратын уақыт аралығы екенін түсінеді; -апта күндерінің ретін біледі.	
Рефлексия (32-40 минут)	«Алма ағашы». «Алма ағашы» әдісінде оқушыларға сабақ басында түрлі-түсті алма беріледі. Сабақ соңында оны алма ағашына ілу керек. Жасыл түсті алма мен бүгін бәрін жақсы орындадым, сондықтан көңіл-күйім көтеріңкі, сары түсті алма - мен тапсырманы орындай алмадым, көңіл-күйім жоқ дегенді білдіреді. 	
Дифференциация – Балаларға қалай көмектесесіз? Қабілетті балаларға қандай тапсырмалар бересіз?	Өлшем бірліктерді пайдалана отырып, шамаларды өлшеуде қиналған оқушыға жеке қолдау көрсету.	
Бағалау – оқушылардың білімдерін қадағалауды қалай жоспарлайсыз?	Өлшем бірліктерді пайдалана отырып,уақытты өлшеу тәсілдерін үйренеді.	
Пәнаралық байланыс денсаулық пен қауіпсіздік АҚТ Құндылықтар	Сергіту сәті арқылы жүргізіледі	